


Сипатталған сұлба қарапайымдылығымен ерекшеленеді, бірақ та, ілеспе газдарды түгелдей бөліп алуды қамтамасыз ете алмайды. Бір сатылы айырудан (сепарациядан) соң, мұнайда 40—50% дейін ілеспе газдар қалады. Бұл газ мұнаймен бірге *E-1* өлшегіштеріне және мұнай жинақтаушы пункттердің резервуарларына келіп, айтарлықтай дәрежеде атмосфераға ұшады.



1-сурет. Мұнай кәсіпшілігіндегі мұнай мен газды өздігінен ағызып (а) және герметикаланған түрде (б) жинақтау сұлбасы:

*I*—ұңғымадан келетін мұнай; *II*—ГӨЗ-на газ; *III*—мұнай жинақтау пунктіне келетін мұнай; *IV*—МӨЗ-на жіберілетін мұнай; *C-1*, *C-2*—сепараторлар; *E-1*, *E-2*—резервуарлар; *A-1*—автоматтандырылған топтық өлшегіш қондырғы; *A-2*—автоматтандырылған тауарлық мұнайды беру қондырғысы; *H-1*, *H-2*, *H-3*—сорғылар.